

ТҮБІ

ИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
АВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

август Жексенбі || жеке саны 20 тыйын
Шығуына 33 жыл

БҮГІН—ТЕМІРЖОЛШЫЛАР КҮНІ!

ССР Одағының, сансыз көп облыстары мен аудандарын бірімен бірін байланыстырып, тұтас бір елге айналдырып отыратын бірінші дәрежелі темір жол транспортының мемлекет болып өмір сүруі мүмкін болмас еді. ССР Одағының темір жол транспортының мемлекеттік ұлы маңызы дәл осында.

И. СТАЛИН.

Транспортының жұмысын жақсартып берейік!


Темір жол күні

стахановшылар үстеміз-масын мерзімінен бұлап шықты.

шылар ғана емес. Бүгінгінің қарқынды еңіміділігінің 23 проценттарды расписание босеткішінің өткен жылартуына көмектесті.

расаңындағы социалистический поезд жүргізушілеріне жеткенін атап өтіп, бір поездың орта салмағынан 64 тонна артық жүк техникалық мүмкіндігі бойынша мейлінше жылдам айғағы.

жасақшыларының санын көбейте түсуде. Маку диспетчері Г. Родин жұмыстың бас кезінде техникалық құралдармен, паровоз бригадаларының қасында тығыз байланыста жұмыс істеу жөніндегі инициаторы болды. Бұл



Бүкілодақтық теміржолшылар күні лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарысқа ұштаса отырып, Петропавл паровоз депосының слесарі комсомолец А. Истомин және Министрліктен сыйлық алған таңдаулы паровозшы В. Хохлов жолдастар үздік табысқа жетті.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) А. Истомин және В. Хохлов жолдастар.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Диспетчер—негізгі
ШҮЛҒӘ

БІР ЖЫЛ ІШІНДЕ

Стахановтық вахта

Өндіріс командирі болу өте жауапты іс. Әсіресе, станция кезекшісі болу ерекше жауаптылықты талап етеді. Станция кезекшісінің таулік бойына бос уақыты болмайды деп айту өте қиын. Кейде станцияға поездар ағыл-тегіл келіп жағайды. Бұл кезде станция кезекшісінің бөлмесіндегі әрбір апарат, әрбір телефон жауап күткендей болып тұрады. Шынында да солай. Әрбір поезды қабылдау және жөнелту жөнінде, келе жатқан поезға жолдарды әзірлеу туралы хабарлап отыру керек. Сондықтан да өндіріс командирінің әрбір ісі, әрбір қыймылы поездардың жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болуы керек.

Станция кезекшісінің жұмысында кейбір жеңілдіктер де болады. Дайын составтарды жөнелту немесе қабылдау алдында жасалған расписание бойынша жүргізіледі. Ал, сол станцияның өзінде дайындалған составтарды дайындап, санарға шығару жұмысы көп еңбек сіңіруді қажет етеді. Өйткені, дайындалған составтың жүк тиелу нормасының орындалуының техникалық жарамдылығын, жөнелту мерзімінің сақталуын —барлығын қадағалап отыру қажет. Бұл міндеттерді қалтқысыз жүзеге асыру үшін құрасты-

ған сайын жоғары көтеру нәтижесінде транспорт жұмысындағы негізгі көрсеткіш—тасымал жұмыстарының жоспарларын артығымен орындауда. Өткен жарты жыл ішінде тасымалдың көлемі 1951 жылғы осы мерзімдегіден 23,3 проценттей артты.

Бөлімшеде еңбек өнімділігін арттыру жолындағы күрес барған сайын күшейе түсеуде. Түрлі мамандықтағы әрбір транспортшы өзінің жұмыс участогінде жаңа табыстарға жету үшін қажырдылықпен еңбек етеді. Жол бөлімшесінің коллективі печориншіл тоқарылар Широков, Наумов, бесжүзші-машинистер Лесков, Шандыбин, Слюнько, электр қуатымен болат балқытушы Горин, құрастырушылар Воронов және Юрченко жолдастар сыяқты маңдай алды озаттарды орынды мақтан етеді. Олар

Жолдың таңдаулы диспетчері

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Орынбор магистралі, Шалкар бөлімшесінің атакты диспетчері Дмитрий Гражданкин теміржолшылар Күніне лайықты еңбек тартуын әзірледі. Февраль айынан бері ол жол бойындағы диспетчерлік жарыста алда келеді. Ол «ССРО жолдары жүйесіндегі таңдаулы диспетчер» деген атакты үшінші рет алды.

Гражданкиннің сменасында Ембі —Қотыртас участогіндегі поездар белгіленген график бойынша өтеді. Поезд жүрісінің графині сақтау үшін жұмысты жоспарлаудың зор маңызы бар. Кезекке тұрар алдында диспетчер Гражданкин өзінің және көршілес участоктердің жағдайымен мұқият танысады, паровоз диспетчерімен бірлесіп отырып, сменада істелетін жұмыстың жоспарын жасайды, селектор арқылы участоктік станциялардың кезекшілерін осы жоспарымен таныстырады. Олар жоспардың мазмұнын сменадағы барлық қызметкерлерге түгел жеткізеді. Диспетчер поездардың дәлме-дәл жүруін мұқият

ұштасып, еңбек майданында жаңа табыстарға жетуге тиіс. Ал, темір жол транспорты кәсіпорындарының басшылары, партия және кәсіподақ ұйымдары өндіріске еңбек тәртібін нығайта отырып, темір жол транспортының барлық кәсіпорындарында өнімді жұмыс істелуін қамтамасыз етулері керек.

Бүгін таңдағы міндет—қол жеткен табыстарды баянды ете отырып бұдан былайғы жерде темір жол транспорты жұмысының онан сайын жоғары сатыға көтерілуін қамтамасыз ету. Сондықтан, темір жол транспорты кәсіпорындарының басшылары, партия және кәсіподақ ұйымдары саяси-бұқаралық және саяси-тәрбие жұмыстарын пәрменді жүргізе отырып, теміржолшыларды еңбек майданында жаңа табыстарға жету күресіне жұмылдырулары керек.

бақылайды. Егер поезд кешіксе, ол участоктік станцияның кезекшісі арқылы машинистпен байланыс жасап, поездың кешігу себебін анықтайды, поездың алдынан жолды ашып қояды. Сөйтіп, поезд график бойынша жүретін болады.

Поездың белгіленген график бойынша жүруінде социалистік жарыс зор роль атқарады. Диспетчер тепловоз және кондукторлар бригадаларымен жарыс шарттарын жасасады. Гражданкин әрбір сапарды және участоктік станциялардың жұмысын Сталиндік сыйлықтың лауреаты Шевеликиннің әдісімен ұйымдастырады. Келген поездардың бәрі бұл жерде шапшаң әдіспен тексеріледі.

Жыл бадынан бері диспетчер 2 мыңнан аса жүк поездарының орта есеппен графиктен 2 сағат бұрын жүруін қамтамасыз етті. Осының есебінен жүздеген мың сом мемлекет қаржысы үнемделді. Бүгін Қотыртас участогінде диспетчер Гражданкин осы айдағы графиктен бұрын озып жүрген үшінші поезды өткізді.

пайдалануға жетісу.

Бұл міндеттерді аброймен орындайтын біздің толық мүмкіншілігіміз бар.

Г. РОДИН,

Жол бөлімшесіндегі Манушино участогінің диспетчері.

ССР Одағының темір жол транспорты жаңа поездармен, тепловоздармен және вагондармен жабдықталуда. Жолаушы вагондары кәзіргі уақытта тек қана металмен қапталған үлгі бойынша, ал, жүк тиелетін вагондар төрт білекті, яғни 8 доңғалақты болып шығарылуда. Жолдардың барлығы автоматтық блокировкамен, автостоппен, екі жақты байланыспен (жүріп бара жатқан поездың машинисі диспетчермен сөйлесіп отырады) жабдықталуда. Рельстердің жаңа түрлері төселуде. Омск темір жол магистралінің кейбір участоктерінде таяудағы уақыт ішінде жүк электр қуатымен жүретін паровоздармен тасылатын болады.

Коммунизмнің алып құрылыстарының тұңғышы—В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон кеме қатынасы каналының ашылуы, қуатты су электр станцияларының келешекте іске қосылуы теміржолдарды электрлендіруді кеңінен жүргізуге мүмкіншілік береді.

Темір жолдардың техникалық жағынан қарулануының барған сайын өсіп келе жатқандығын біз өз бөлімшеміздің тәжірибесінде айқын көріп отырмыз. Үстіміздегі жылы Петропавл станциясында стрелкалар мен хабар беруді бір орталықтан электрлендіру құрылысы басталады. Бұл үшін үкметіміз 7 миллион сомнан аса қаржы босатып отыр. Диспетчерлік бөлімдерде поездардың участоқта жүруіне үздіксіз автоматтық бақылау жасалып отыратын болады.

Бесінші жол дистанциясы толық механизацияландырылады. Төселетін шпалдар

жырлы еңбегімен атқарып келеді. Ол поезға жолды тез ашып, стрелка шаруашылығын өте жақсы ұстайды.

Стрелочниктер Шубин және Подвальная жолдастар да өз міндетін жақсы атқарып жүргендер. Бұлар станция кезекшілерінің

ды. Өз үшін ол

Бұлақ тері тем сы алып

Жаңа табыстарға

ды электр күшімен бекіткіш, тіркемелі дрезина, рельс кесетін, бұрғылап тесу станоктері сыяқты 150-ден аса жабдықтар кәзірдің өзінде іске қосылуда.

Міне, мұның барлығы темір жол транспорты қызметкерлерінің алдарына қойылған міндеттерді мүлтіксіз жүзеге асыруына толық мүмкіншілік туғызады, тасымал жұмыстарының өзіндік бағасын кемітеді. Мұндай бай техниканы жете меңгерген теміржолшылар сүйікті Отанымыздың игілігі үшін еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр.

Әресе, үстіміздегі жылдың өткен жарты жылы ішінде біздің бөлімшесінің теміржолшылары жақсы нәтижелерге ие болды. Бөлімше бойынша тасымалдың көлемі осы мерзім ішінде өткен жылғыдан 28,3 процент артты. Тек осы фактінің өзі де темір жол бөлімшесі жұмысы қарқынының күшейе түсвендігін айқын дәлелдейді.

Тасымал жұмыстары жөніндегі жоспарлы тапсырманы ойдағыдай орындау ісінде вагон айналымы уақытын қысқарту зор роль атқарады. Бұл міндетті жете түсініп петропавлдық вагоншылар үстіміздегі жылы вагон айналымын тапсырмадағыдан 11,5 процент қысқартуға жетісті. Сонымен қатар, вагон депосының коллективі вагондарды күрделі жөндеуден өткізу жоспарының алғашқы жартыжылдықта 103 процент, жылдық жөндеуден өткізу жоспарының 106,5 процент орындалуын қамтамасыз етті.

Бесінші дистанцияның коллективі теміржолшылар күнін жазғы-жол жөндеу жұмыстарының графитінен едәуір озуман

және ж далып орындар теуге ж лімше б мемлебе дың өзі ғанда 1

Петро дай кел алды ст рының атап ай ды ваг зорин; кон бай Роди, танция дуктор социали

ымен өндіріст ғыңғыл лективт йықты ғы күр

Парти көсемім жолдас миясын үшін бү күнбе-к ді. Біз портты йын ж тар жү

Көркемөнер дарындыларының өнерін байқау

сай

сабылдасты. агрегатын масыз етуге

оя комму- нінде егін жақсы да- ны піскен жұмыс. і. Гүрілде- ты жанғыр- алтын ас- ындай шап- гаң ком- де түру- ды. Орден- е алғашқы ер астық шахия жол- егінің жый-

лармен ын- нда колхоз- 100 гектар- д тұқымы, налды.

тықты мем- ндай жү- артегінде йншы Иван бірінші бө- ктар жердің

н жыйнау лхоздарында

УСЕНОВ.



Жақында көркемөнер дарындыларының облыстық байқауы болып өтті. Бұған аудандардан 9 және қаладан 7 коллектив қатысты.

Селолық хор коллективтерінің ішінде Булаев және Мамлют аудандарының әншілері бірінші орын алды. Булаев ауданы әншілерінің дауысы шын мәнінде шап- қып жатыр. «Біздің еліміз жасасын» (музыкасы Александровтікі) және «Орал туралы ән» (музыкасы Блантердікі) сыяқты әндерді қор сазына келтіре орындады. Мамлют хоршылары Ан. Новиковтың «Кремль қабырғаларында» деген өлеңін зор сүйіспеншілікпен орындады. Олар Александровтың «Сталин туралы» кантатасын да ойдағыдай орындап шықты.

Совет ауданының қоры «Бейбітшілік» және «Отан» деген екі әннің зор ән-

ты көрсетті және қаладағы хор коллективтері арасында бірінші орын алды.

Ал, Киров атындағы завод клубының көркемөнер дарындылары коллективінің және оның хорының көрмеде жетістікке жете алмағандығы күтпеген жағдай еді. Өйткені мұнда қаблетті әншілер, бишілер мен тақпақшылар көп болатын. Байқауды көрінгеніндей, коллективке жаңды басшылық керек, оны дұрыс жолға салу қажет, бұл шараның мүмкіндігінше таяу арада жүзеге асырылғаны жөн.

Драмалық үйірмелердің ішінде Преснов мәдениет үйінің үйірмесі бірінші орын алды. Бұл үйірмеге Таранова жолдас 15 жылдан аса мерзім бойына басшылық жасап келеді. А. Корнейчуктің «Бүргенді тоғай» комедиясын қойып, үйірме мүшелері өздерінің творчестволық өсу жолында екендігін аңғартты. Кейбір кемшіліктерін еске алмағанда үйірменің бұл комедияны қоюы қуаныштық іс. Драма үйірмесінің мүшелері арасында қаблетті және талантты адамдар бар, олар өздерінің бос уақыттарының бәрін творчестволық іздену жолына арнап жүргендер. Әрине, «Бүргенді тоғай» спектаклі жас коллективке байыргы артистер тарапынан, атап айтқанда облыстық драма театрының артистері мен искусство істері жөніндегі бөлімнің тарапынан тиісті көмек көрсетілсе, үйірме мүшелері «Бүргенді тоғайды» сахнада көрсетуді анағұрлым жетілдірер еді.

Драма үйірмелерінің ішінде Полудиннің мәдениет үйінің үйірмесі екінші орын, Приешім клубының үйірмесі үшінші орын алды.

Көрмеде, сол сыяқты орыстың халық аспаптары оркестрі байқаудан өтті. Төреші комиссия бірінші орынды мамлюттіктерге және екінші орынды конюховтықтарға беруді ұйғарды.

Ленин атындағы клубта В. Василев-



лары өте аз және бір беткей көрсетілді. Осының салдарынан би жөнінде бірінші сыйлыққа ие болған жоқ, ал Ленин ауданының бишілер коллективі екінші орынды алды.

Октябрь ауданынан келген колхозшы Ивашкова М. Алигердің «Зоя» поэмасынан үзіндіні зор сезіммен оқыды. «Шиг» колхозынан келген бір топ қыз «Украин» биін көңілге қонымды етіп орындап беруге жетісті. Преснов ауданынан келген Жақынова жолдас өзінің үдемелі және ашық дауысымен «Ақ бидай» әнін орындау шеберлігін көрсетті. Приешім совхозынан келген ағалы-інілі, аналы-еңділі Стругундардың вакалдық квинтетін жұртшылық назар қоя тыңдады. Кенжетасева, (Совет ауданы) «Қамажай» биін өте жақсы билеп байқауға жыйналғандардың бір-

Қытай халқы халық-азаттық армиясының 25 жылдығын мерекелеуде

ШАНХАЙ, 31 июль. (СОТА). Қытай халқы өзінің халық-азаттық армиясының 25 жылдығын салтанат үстінде зор қуанышпен мерекелеуде. Бүкіл елдегідей Шығыс Қытайдың қалалары мен селоларын да бұл күндерде митингтер, жыйналыстар өткізілуде. Бұл митингтер мен жыйналыстарда еңбекшілер халық-азаттық армиясының жауынгерлерімен кездесуде. Газеттер мен журналдар бұл даңқты мерекеге арналған көптеген мақалалар жариялады. Бұл мақалаларда халық-азаттық армиясының тарихы, оның жеңістері, Қытай еңбекшілерінің өз армиясына сүйіспеншілігі айтылады. Кәзіргі уақытта Шанхайдың барлық кітап магазиндерінде халық-азаттық армиясының жауынгерлері мен командирлерінің қаһармандық ерліктері туралы Кореядағы қытай халық еріктілерінің ұлт-азаттық міндеті туралы кітаптар сатылуда. Халық-азаттық армиясының 25 жылдығы құрметіне Шанхай почтасы арнаулы почта маркаларын шығарды. Шанхай театрларында халық-азаттық армиясының жауынгерлеріне арнап ойындар қойылуда. Кино-театрларында халық-азаттық армиясының солдаттары мен офицерлерінің тұрмысы, қаһармандық істері туралы кинокартиналар көрсетілуде. Клубтар мен парктарда көптеген көрмелер ашылды.

Бүгін халық-азаттық армиясының 25 жылдығы құрметіне Шанхай муниципалитетінің үйінде салтанатты жыйналыс болды.

Қытай халық-азаттық армиясының өткен жолы, оның жеңістері және міндеттері туралы Шығыс Қытай соғыс округінің командашысы Чэнь баяндама жасады.

ЕДІЛ—ДОН КАНАЛЫ ТУРАЛЫ

АМЕРИКАН ГАЗЕТИНІҢ МАҚАЛАСЫ

НЬЮ-ЙОРК 31 июль. (СОТА). С. Францискода шығатын «Хроника» газеті

Коммунистердің белсенділігін арттырып, инициативасын көтере берейік

Большевиктік партия—совет қоғамының басшы және бағыт сілтеуші күші. Ол өзінің тығыз тонтасқандығымен, берік жірілігімен және іс ету бірлігімен, партия ұйымдарының және әрбір коммунистің белсенділігімен, инициативтілігімен күшті. Партиямыз БК(б)П мүшелерінің және кандидаттарының творчестволық инициативасы мен белсенділігін үздіксіз өрістету жөнінде әрдайым қамқорлық жасап келді және жасай да бермек. Көзір, совет халқы Ленин—Сталин партиясының басшылығы мен коммунистік құрылыстың орасан зор міндеттерін шешіп жатқанда, әрбір партия ұйымына анағұрлым зор талаптар қойылады, коммунистердің белсенділік көрсетуінің аса зор маңызы бар.

Коммунистердің большевиктік партияның ісі үшін, партияның қарарлары мен директиваларын орындау үшін, коммунизмнің жеңуі үшін күрес жүргізушілер болып қалыптасуында бастауыш партия ұйымдарының атқаратын ролі өте-мөте зор. Бастауыш партия ұйымында коммунист большевиктік тәрбие мектебінен өтеді, партия тұрмысының мәселелерін талқылап шешуге белсене қатысады, партияның және оның жергілікті орындарының нұсқауларын іс жүзіне асырады. Мұнда коммунист идея жағынан шыңға түседі, оның саяси саналылығы өседі, партия ұйымының ісі үшін жауапкершілігі артады.

Облысымызда болып өткен және өтіп жатқан бастауыш партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жыйналыстары партия бұқарасының белсенділігінің өскендігін ай-

қын көрсетеді. Коммунистер партия бюросының және бастауыш ұйым секретарьларының есепті баяндамаларын етжей-тегжейіне дейін талқылауда, олардың жұмысын принципшілдікпен бағалауда, партия ұйымдарының және олардың басшыларының жұмысындағы кемшіліктерді батыл сынға алуда. Есеп беру-сайлау жыйналыстары коммунистердің белсенділігін оған сайын арттыра түсуде, партия ұйымының жұмысы үшін олардың жауапкершілік сезімін күшейтуде.

Өткен есеп беру-сайлау жыйналыстарында коммунистер партиялық-ұйымдастыру және партиялық саяси жұмыстарды одан әрі жақсарту жөнінде көп бағалы ұсыныстар енгізді, шаруашылық және мәдени құрылысқа партия ұйымдарының басшылығын жақсартудың жолдарын көрсетті, еңбек өнімділігін жаңадан көтерудің, кәсіпорындарының, транспорттың, колхоз, совхоздар мен МТС-тердің жұмысының сапасын жақсартудың жаңа қорларын ашты. Коммунистердің үніне құлақ асып отыру, олардың ұсыныстарын әрқашан ескеріп, пайдаланып отыру— партия ұйымдарының және олардың басшыларының төл ісі. Жаңадан сайланған басшы партия органдарының міндеті коммунистердің жыйналыстарда жасаған пайдалы ұсыныстарын байыптап зерттеп, оларды жүзеге асыру жөнінде, беті ашылған кемшіліктерді түзету жолында нақты шараларды қолдану болып табылады.

Киров атындағы заводтың партия ұйымында есеп беру-сайлау жыйналысы коммунистердің үлкен белсенділік көрсетуімен

ұйымының және завод дирекциясының жұмысындағы елеулі кемшіліктерді қатты сынады. Мәселен, коммунист Подобный жолдас кәсіпорнының бірқалыпты жұмыс істемеушілігі жөнінде айта келіп, заводтың өндірістік жоспарларды барлық жағынан мүлтіксіз орындауын қамтамасыз ету жөнінде партия бюросы мен дирекцияның және қалалық партия комитетінің жедел шаралар қолдана алмай келе жатқандығын сынға алды. Басқа да сөз сойлеген коммунистер заводта социалистік жарысты шын мәнінде өрістету, оған партия ұйымының басшылығын жақсарту және партиялық-саяси жұмысты жақсарту жөнінде бірқатар пайдалы ұсыныстар жасады.

Коммунистердің белсенділік көрсетуі жөнінде Булаев элеваторы партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысы да мысал бола алады. Мұнда жыйналыс сын мен өзара сынның шын мәнінде өрістетілуімен өтті. Коммунист Приходько жолдас өзінің сөзінде егер әрбір жұмыс участогінде партия топтары құрылып, көпшілік арасындағы жұмыс солар арқылы жүргізілсе, партия ұйымының жалпы жұмысы анағұрлым көрнекті болатынын, бірақ, бұл аса қажетті жағдайдың ескерілмегендігін атап көрсетіп, алдағы уақытта партия топтарын құру жөнінде ұсыныс енгізді. Коммунист Белов жолдас коллектив арасында саяси-бұқаралық жұмыстың әлі күнге тиісті дәрежеде өрістетілмей келуінің себептерін аша келе, бұл жұмысты жақсартуға бағытталған бағалы ұсыныс жасады.

Бастауыш партия ұйымдарының жұмысы алуан салалы. Партия жұмысы, шын мәнісінде, адамдармен жұмыс істеу болып табылады. Сталин жолдас кадрларды нақты жұмыс үстінде, қыбыншылықтармен күресте ғана шын мәнінде шыңдауға бо-

тысу арқылы партиялық тәрбиеленеді. Партия ұйымының тапсырмаларын орындау арқылы оның белсенділігі артады, өз ұйымының жалпы жұмысының жаңы үшін жауапкершілігі күшейеді.

Коммунистердің белсенділігін арттыруда, олардың инициативасын көтеруде бастауыш партия ұйымдарына аудандық партия комитеттері тарапынан күнбе-күн басшылық жасалуының орасан зор маңызы бар. Партия комитеттері бастауыш ұйымдардың инициативасының өсуіне, әрбір коммунистің белсенділігінің артуына көмектесулері керек. Партия комитеттерінің бастауыш партия ұйымдарымен үнемі тығыз байланыста болып, өзінің бүкіл жұмысын соларға сүйеніп жүргізуі партия жұмысының мықтап жақсаруын, шаруашылық және мәдени құрылыс міндеттерінің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз етеді.

КК(б)П аудандық комитеттері әрбір бастауыш партия ұйымының жұмысына жеті араласулары, олардағы нақтылы жағдайды үнемі жете біліп отырулары керек. Тек сонда ғана олар бастауыш ұйымдардың алда тұрған жаңа міндеттер дәрежесінде жұмыс істей алуына жетіседі, тек сонда ғана коммунистердің авангардтық роль атқаруын қамтамасыз етіп, бұқараны кезекті саяси-шаруашылық міндеттерді орындауға жұмылдыруда бастауыш ұйымдарға қажетті көмек көрсете алады.

Большевиктік партия жұмыстың қол жеткен нәтижелерімен ешқашан да қанағаттанғын қоймайды. Ол әрқашан алға басуға шақырады, сын мен өзара сынның күшімен біздің барлық жұмысымызды жақсартып отырады. Өзара сын ұраны біздің партиялық жұмысымыздың негізі, пролетариат диктатурасын нығайтудың құралы, кадрларды тәрбиелеудің большевиктік әдісінің ішкі мәні болып табылады, деп ұй-

инициативасын көте партия ұйымының тапсырмаларын орындау арқылы оның белсенділігі артады, өз ұйымының жалпы жұмысының жаңы үшін жауапкершілігі күшейеді. Партия комитеттері бастауыш партия ұйымдарына аудандық партия комитеттері тарапынан күнбе-күн басшылық жасалуының орасан зор маңызы бар. Партия комитеттері бастауыш ұйымдардың инициативасының өсуіне, әрбір коммунистің белсенділігінің артуына көмектесулері керек. Партия комитеттерінің бастауыш партия ұйымдарымен үнемі тығыз байланыста болып, өзінің бүкіл жұмысын соларға сүйеніп жүргізуі партия жұмысының мықтап жақсаруын, шаруашылық және мәдени құрылыс міндеттерінің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз етеді.

Жақында «Баян» ауданы) партия ұйымының жыйналысы есебіндегі мүшелердің артығы қатыспады қанағаттанғысыз болса да адам ғана сөйлеуіне беті ашылмады, прижәне жоқ. Міне, мұндай жағдайлар мектебі, коммунистер сөзетін орны бола апартияның мүше, белсенділігін арттыру үшін басқа әдістеріміз жыйналыстарын да өткізу керек.

Партия бұқарасын жақ асып отыру, айтып пікірден, ұсыныстан шығару, сонымен қатар іскерлігі мен белсенді мектесіп отыру және сүйеніп бүкіл жұмысты партия ұйымдарының бағытына бағытталған бағалы ұсыныс жасады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Казак ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс